

**«Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Оңтүстік Қазақстан облыстық комитеті» Қоғамдық бірлестігінің «Бастауыш кәсіподақ ұйымы туралы»
Е Р Е Ж Е С І**

1. Жалпы ережелер.

1.1. Бастауыш кәсіподақ ұйымы облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының ұйымдық құрылымының негізі болып табылады және «Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы Оңтүстік Қазақстан облыстық комитеті» Қоғамдық бірлестігінің, аудандық (қалалық) кәсіподақ комитеттерінің ішкі құрылымына кіреді. Бастауыш кәсіподақ ұйымы ұжым мүшелерін олардың еңбек, кәсіптік, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделеріне өкілеттік ету және қорғау, еңбекті қорғау мен оқу жағдайларын жақсарту үшін еріктілік негізінде біріктіреді.

1.2. Бастауыш кәсіподақ ұйымы өндірістік принцип негізінде үш кәсіподақ мүшесі болған жағдайда немесе сонша адам кәсіподаққа мүше болуға тілек білдірсе құрылтай жиналысында құрылады және жоғары сайланбалы кәсіподақ органына есепке тұрады.

1.3. Бастауыш ұйым өзінің қызметін Қазақстан Республикасының «Кәсіптік одақтар туралы» Заңы, қолданыстағы заңнамалар, облыстық кәсіподақ комитетінің Жарғысы және осы Ереже негізінде жүргізеді.

1.4. Бастауыш ұйым өзінің қызметінде мемлекеттік билік органдарынан, жұмыс берушілерден, саяси және қоғамдық ұйымдардан тәуелсіз, оларға есеп бермейді және бақылауында болмайды. Олармен қарым-қатынасты тең ынтымақтастық және әлеуметтік әріптестік принциптері негізінде құрады.

1.5. Облыстық кәсіподақ комитетінің құрамындағы, филиал құқығындағы бастауыш кәсіподақ ұйымы әділет органдарында есептік тіркеуден (қайта тіркеуден) өтеді.

1.6. Облыстық кәсіподақ комитеті, аудандық (қалалық) кәсіподақ комитеттері құрамындағы бастауыш кәсіподақ ұйымдары, олардың ішкі құрылымы болғандықтан, әділет органдарында есептік тіркеуден (қайта тіркеуден) өтпейді.

1.7. Бастауыш кәсіподақ ұйымның қызмет мерзімі шектелмеген.

11. Ұйымға мүшелік, кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен міндеттері.

2.1. Бастауыш кәсіподақ ұйымының мүшесі болып, кәсіподаққа мүше болуға тілек білдірген, оның Жарғысын, осы Ережені мойындайтын және орындайтын және мүшелік жарна төлейтін білім беру жүйесінде жұмыс істеуші әрбір адам, жоғары және арнайы орта оқу орнының студенттері мен оқушылары бола алады.

2.2. Кәсіподаққа мүше болу ерікті негізде болады. Кәсіподақ мүшелігіне қабылдау тілек білдірушінің жазбаша арызы бойынша жеке тәртіппен жүргізіледі. Кәсіподаққа қабылдау туралы шешім жалпы кәсіподақ жиналысында немесе кәсіподақ комитеті мәжілісінде қабылданады.

Кәсіподақ мүшелігіне қабылданғанға белгіленген тәртіптегі кәсіподақ билеті беріледі.

2.3. Кәсіподақ мүшелері негізгі жұмысы немесе оқу орны бойынша бастауыш кәсіподақ ұйымы есебінде тұрады. Кәсіподақ мүшесінің есеп карточкасы кәсіподақ билетімен бірдей нөмірге ие болады және ұйым құрамы есебінің негізгі құжаты болып табылады.

2.4. Кәсіподаққа мүшелік кәсіподақ жиналысының немесе кәсіподақ комитетінің шешімі шыққан күннен бастап есептеледі және кәсіподақ тарапынан берілетін жеңілдіктермен пайдаланғанда есепке алынады.

2.5. Кәсіподақ өтілі және бастауыш кәсіподақ ұйымына мүшелік, мүшелік жарнаны

уақтылы төлеп тұрса, мына жағдайда сақталады:

- балалары заңда белгіленген жасқа дейін тәрбиелеуге байланысты уақытша жұмысын тоқтатқан;
- қызметкерлер саны мен штатының қысқаруына байланысты уақытша жұмыс істемейтін кәсіподақ мүшелеріне;
- мүгедектігіне байланысты жұмысын тоқтатқандарға;
- басқа кәсіподақтан ауысып келгендерге.

2.6. Кәсіподақ мүшесінің құқықтары:

- кәсіподақтың басшы органдарын сайлауға және оған сайлануға;
- кәсіподақтан шығуға еріктілігі;
- мемлекет кепілдік берген әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтарының мемлекеттік органдарда, жұмыс берушілер алдында, сот және басқа да органдарда қорғалуына;
- облыстық, аудандық (қалалық) кәсіподақ комитеттерінің қызметі туралы ақпарат алуға;
- облыстық, аудандық (қалалық) кәсіподақ комитеттері, атқару комитеті, тексеру комиссиясы қызметін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар беруге;
- жұмыс берушімен түзілген ұжымдық және еңбек шарттарының мүлтіксіз орындалуына жетісуге;
- ақысыз құқықтық көмек алуға;
- кәсіподақ ұйымы өткізетін рұқсат берілген митингілерге, ереуілдерге және басқа да акцияларға қатысуға;
- өзінің қызмет мәселесі қаралған жағдайда, кәсіподақ жиналысына (конференция), сайланбалы кәсіподақ органдары мәжілістеріне қатысуға;
- кәсіподақ қаржысы есебінен қайырымдылық жәрдем, санаториялық-курорттық және басқа сауықтыру мекемелеріне емделуге жолдама алуға;
- кәсіподақтағы белсенді жұмысы үшін материалдық және моралдық ынталандыруға.

2.7. Кәсіподақ мүшесінің міндеттері:

- облыстық кәсіподақ комитеті Жарғысының талаптарын, ішкі кәсіподақ тәртібін сақтауға, кәсіподақ ұйымының және жоғары органдардың шешімдерін орындауға;
- кәсіподақ мүшелік жарнасын уақтылы төлеуге;
- облыстық, аудандық (қалалық) комитеттері, кәсіподақ ұйымы қызметіне және оған зиян келтіретін іс-әрекеттерге бармау;
- ұжымдық және еңбек шарттары талаптарын сақтау;
- ұжымдағы моралдық-психологиялық ахуалды нығайтуға ықпал ету;
- кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделеріне бағытталған ұжымдық шараларды өткізу жөніндегі облыстық, аудандық, қалалық кәсіподақ комитеттерінің іс-шараларын қолдау.

2.8. Жарғылық міндеттерін орындамағаны үшін кәсіподақ мүшесіне мынадай жаза түрлері қолданылады:

- ескерту,
- сөгіс беру,
- кәсіподақ мүшелігінен шығару.

2.9. Жаза қолдану туралы шешімді кәсіподаққа қабылдауға құқығы бар орган және жоғары кәсіподақ органы қабылдайды, ол туралы бастауыш кәсіподақ ұйымы хабардар етіледі.

Жаза беру туралы мәселе кәсіподақ мүшесінің қатысуымен қаралады. Кәсіподақ мүшесі бас тартқан жағдайда немесе дәлелді себепсіз келмеген кезде бұл мәселе оның қатысуынсыз қаралады.

Кәсіподақ мүшесі бір ай ішінде шешімге байланысты жоғары тұрған кәсіподақ органдарына шағым жасауға құқылы.

2.10. Кәсіподақ мүшелігінен шығу туралы мәселені кәсіподақ мүшесінің жеке арызы бойынша, ары кеткенде бір ай мерзімде кәсіподаққа қабылдау құқығы бар орган

қарайды.

2.11. Кәсіподаққа қайта кіру, шығарылған күннен бастап алты ай мерзімі өткен соң болады. Кәсіподақ мүшелігіне қабылдау жалпы негізде жүзеге асырылады.

2.12. Кәсіподақ мүшелігінен шыққан немесе шығарылған кәсіподақ мүшесі кәсіподақ мүлкіне құқығынан айырылады, төленген кәсіподақ жарнасы қайтарылмайды, ақысыз заңгерлік көмек, кәсіподақ тарапынан әлеуметтік қорғау көрсетілмейді.

2.13. Кәсіподақ жұмысына белсенді қатысқаны үшін кәсіподақ мүшесі мынадай ынталандыру түрлеріне ие болуы мүмкін:

- ҚРКФ төс белгісі және Құрмет грамотасы; салалық кәсіподақтар Кеңесінің төс белгісі және Құрмет грамотасы, облыстық кәсіподақ комитетінің төс белгісі, Құрмет грамотасы және Алғыс хаты, аудандық (қалалық) кәсіподақ комитетінің Құрмет грамотасы;
- ақшалай және заттай сыйлықтар;
- санаториялық-курорттық емделуге, демалыс үйіне жолдама, туристік жолдама және т.б.

III. Бастауыш кәсіподақ ұйымы қызметінің негізгі түрлері.

3.1. Кәсіподақ мүшелерінің экономикалық жағдайы мен мүдделерін ескере отырып:

- кәсіподақ ұйымы мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық, еңбек және басқа құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған өзінің қызметін белгілейді;
- кәсіподақ ұйымының уәкілетті өкілі өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның құрамына кіреді;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыру мақсатында кәсіподақ ұйымының өкілі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі комитеттің (комиссияның) құрамына тепе-теңдік негізде кіреді;
- Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Қазақстан Республикасының медиация туралы заңнамасына сәйкес, жеке және ұжымдық еңбек дауларын реттеуге және шешуге қатысу;
- еңбек заңнамасының сақталуына, ұжымдық шарттың орындалуына, еңбекті қорғау және еңбеккерлерді әлеуметтік қорғаудың басқа да түрлері жағдайына қоғамдық бақылау жасау;
- кәсіподақтар мүшелері арасында олардың құқықтық, оның ішінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының негіздері бойынша сауаттылығын арттыру, еңбек дауларында келіссөздер жүргізе алуы дамыту және пәтуаға қол жеткізу жөнінде түсіндірме жұмысын жүргізеді;
- еңбек дауларын сотқа дейін шешуге қатысу;
- ұжымдық шартты түзу кезінде әлеуметтік әріптестіктің тарапы болып әрекет ету, жобаны дайындау және оны бекіту барысында келіссөздерге қатысу, олардың орындалу барысына қоғамдық бақылау жасау;
- кәсіподақ мүшелері үшін ақысыз құқықтық кеңес беруді ұйымдастырады, сот және басқа органдарда қорғау үшін өзінің өкілін жібереді;
- мүшелеріне, олардың отбасыларына материалдық көмек көрсету, сауықтыру және демалуы үшін жолдамалар бөлу;
- шығармашылық және өнімді еңбек пен оқу үшін тиісті және қауіпсіз жағдайлар жасауға ықпал етеді;
- кәсіподақ мүшелері, олардың отбасы мүшелері арасында сауықтыру, демалу, бұқаралық дене шынықтыру шараларын ұйымдастыру және өткізуге ықпал етеді;
- кәсіподақтар талаптарына қолдау жасау үшін, заңнамаларда белгіленген тәртіппен жиналыстар, митингілер, шерулер, қажет жағдайда ереуілдер өткізуді ұйымдастырады;
- кәсіподақ бюджетін толықтыруды қамтамасыз ету үшін заңнамалармен тиым салынбаған кіріс көздерін қарастырады;
- облыстық кәсіподақ комитеті Жарғысында белгіленген басқа да қызмет түрлерін іске асырады.

IV. Бастауыш кәсіподақ ұйымының құрылымы мен органдары.

4.1. Біртұтас бастауыш кәсіподақ ұйымы құрамында құрылымдық бөлімшелер: цехтық кәсіподақ ұйымдары, кәсіподақ топтары құрылуы мүмкін.

4.2. Оқу орындарында қызметкерлердің, студенттер мен оқушылардың бірлескен кәсіподақ ұйымы құрылуы мүмкін.

4.3. Бастауыш кәсіподақ ұйымы органының өкілеттік мерзімі 5 жыл. Есеп беру – сайлау науқаны облыстық кәсіподақ комитеті белгілеген мерзімде өтеді.

4.4. Бастауыш кәсіподақ ұйымының жоғарғы органы жалпы жиналыс (конференция) болып табылады, ол бір жылда ең кемі екі рет өткізіледі.

Жиналыс (конференция) өтетін күнді, күн тәртібі мен өткізілетін жерді кәсіподақ комитеті белгілейді. Ол туралы кәсіподақ мүшелері ең кемі бір апта бұрын, аудандық комитет құқығындағы бастауыш ұйымда -өткізу мерзімінен екі апта бұрын хабардар етіледі.

4.5. Кезектен тыс жиналыс (конференция) кәсіподақ комитетінің бастамасымен немесе жоғары кәсіподақ органы бастамасымен, сол сияқты, кәсіподақ мүшелерінің 1/3 талабы бойынша шақырылады.

4.6. Жиналыс (конференция) оның жұмысына бастауыш кәсіподақ ұйымы мүшелерінің (сайланған делегаттардың) жартысынан көбі қатысса, құқылы болып саналады. Конференцияға делегаттар, мүшелер санына қарай, кәсіподақ мүшелерінің тең өкілеттілігі болуы қарастырыла отырып, кәсіподақ комитеті белгілеген тәртіпте сайланады.

4.7. Жалпы жиналыс (конференция) :

- кәсіподақ комитетінің және тексеру комиссиясының есебін тыңдайды, олардың қызметіне баға береді;

- бастауыш кәсіподақ ұйымы қызметінің негізгі бағыттарын белгілейді;

- бастауыш кәсіподақ ұйымы төрағасын, кәсіподақ комитетін, кәсіподақ ұйымының тексеру комиссиясын сайлайды;

- жұмыс беруші мен қызметкерлер арасындағы ұжымдық шартты бекітеді;

- ұжымдық шарттың орындалуы туралы әкімшілік басшысы мен кәсіподақ комитеті төрағасының ақпаратын тыңдайды;

- кәсіподақ комитетінің жарғылық талаптар мен жоғары кәсіподақ органдары шешімдерінің және өз шешімдерінің орындалу барысы туралы жұмыстарын тыңдайды ;

- ұжымдық дайындалған ұсыныстармен тиісті кәсіподақ органдарына жүгінеді;

- қолданыстағы заңнамаларға сәйкес, кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін наразылық акцияларын өткізу туралы шешім қабылдайды;

- ағымдағы жылға кіріс және шығыс сметасын бекітеді;

- жоғары кәсіподақ органдары конференцияларына делегаттар сайлайды;

- бастауыш кәсіподақ ұйымының құрылымын, кәсіподақ комитеті штаттарын белгілейді.

ескерту:

1. бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы мен оның орынбасары жиналыстар (конференция) аралығында облыстық (қалалық) кәсіподақ комитеттері келісімі бойынша, олар кәсіподақ комитетінің мүшесі болған жағдайда, кәсіподақ комитеті мәжілісінде сайлануы мүмкін.

ескерту:

2. Қажетті жағдайда кәсіподақ органына қосымша сайлау немесе оны мерзімінен бұрын сайлау өткізілуі мүмкін. Кәсіподақ комитетіне қосымша сайлау оның құрамын ішінара жаңарту қажеттілігі тұған жағдайда өткізіледі. Мерзімінен бұрын сайлау кәсіподақ органының, оның төрағасының қанағаттанарлықсыз жұмысы, олардың кәсіподақ Жарғысын өрескел бұзуы жағдайында, жоғары кәсіподақ органының шешімімен өткізіледі.

4.8. Кәсіподақ жиналысының (конференцияның), сайланбалы орган мәжілісінің шешімдері, кворум болған жағдайда, оған қатысып отырған ұйым мүшелерінің, конференция делегаттарының, сайланбалы орган мүшелерінің 50 % астамы дауыс берсе,

Жарғыда басқа жағдай қаралмаған болса, қабылданған болып саналады.

4.9. Дауыс беру тәртібін жиналыс (конференция) белгілейді.

4.10. Ағымдағы жұмысты жүргізу үшін:

- 15-тен кем кәсіподақ мүшесін біріктіретін ұйымда – кәсіподақ ұйымдастырушысы;
- кәсіподақ мүшелері 15-тен асатын ұйымда – кәсіподақ комитеті сайланады.

4.11. Кәсіподақ комитетінің мәжілістері қажеттігіне қарай, бірақ әр тоқсанда кемінде бір рет өткізіледі және оған мүшелерінің жартысынан көбі қатысса құқылы деп есептеледі.

4.12. Кәсіподақ комитеті бастауыш кәсіподақ ұйымның қызметін ұйымдастырады, әкімшілікпен өзінің қарым-қатынасын әлеуметтік әріптестік принциптерінде құрады. Кәсіподақ комитетінің төрағасы мен кәсіподақ комитеті мүшелеріне Қазақстан Республикасының «Кәсіптік одақтар туралы» Заңына және басқа нормативтік актілерге сәйкес, құқықтық және қорғау функциялары кепілдік болады.

4.13. Кәсіподақ комитеті, бірлескен комитет:

- жалпы жиналысты шақырады, оның шешімдерінің орындалу барысына бақылау жасайды және кәсіподақ мүшелеріне орындалуы жайлы ақпарат береді;
- облыстық кәсіподақ комитеті Жарғысы талаптарына және бастауыш кәсіподақ ұйымы туралы Ережеге сәйкес, бастауыш кәсіподақ ұйымы мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау жөнінде жұмыс жүргізеді;
- Жарғы талаптарын, жоғары кәсіподақ органдарының және өз шешімдерін орындау жөніндегі қызметі жайлы есеп береді;
- ұжымда жұмыс істеуші қызметкерлерді кәсіподақ мүшелігіне тарту, кәсіподақ мүшелерінің есебін жүргізу жөнінде жұмыс жүргізеді;
- кәсіподақ ұйымының еңбекті қорғау жөніндегі қоғамдық инспекторын сайлауды және жұмысын ұйымдастыруды іске асырады;
- еңбек ұжымының тапсыруы бойынша, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне сәйкес, жұмыс берушімен ұжымдық шарт және келісімдер түзу кезінде оған өкілдік етеді;
- қолданыстағы заңнамаларға сәйкес, кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау жөнінде өткізілетін жиналыстар және басқа наразылық акцияларына қатысу туралы шешім қабылдайды;
- жеке және ұжымдық еңбек дауларын қарауға қатысады;
- кәсіподақ мүшелеріне еңбек шарттарын жасағанда, жұмыс беруші тарапынан олардың құқықтарына шек қоюға жол бермеу мақсатында көмек көрсетеді;
- кәсіподақ мүшелерінің құқықтарын қорғау үшін сот органдарына талап ету арызын береді;
- сауықтыру, мәдени-ағартушылық шараларын, байқаулар, конкурстар өткізеді, кәсіподақ мүшелеріне материалдық көмек көрсетеді;
- жоғары кәсіподақ органдары белгілеген мөлшерге сәйкес, кәсіподақ органдарына жарнаны аударады;
- кәсіподақ мүшелері есебін жүргізеді, ұйым бухгалтериясына кәсіподақ жарналарын аудару туралы өтініштер жинауды ұйымдастырады;
- жарғылық талаптарға сәйкес басқа функцияларды жүзеге асырады.

4.14. Кәсіподақ комитеті өз жұмысында жиналысқа (конференцияға) және жоғары тұрған кәсіподақ органдарына есеп береді.

4.15. Кәсіподақ комитетінің (бірлескен комитеттің) төрағасы:

- жалпы жиналыс (конференция), кәсіподақ комитеті мәжілістерін жүргізеді;
- жалпы жиналыс (конференция), кәсіподақ комитеті және жоғары кәсіподақ органдары шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
- кәсіподақ комитеті мүшелерінің есебін жүргізуді ұйымдастырады;
- жоғары кәсіподақ органдарына статистикалық және қаржы есептерін тапсырады;
- бастауыш кәсіподақ ұйымы құжаттарының есебін жүргізеді, сақталуын қамтамасыз етеді;
- жұмыс берушімен, басқа органдармен өзара қарым-қатынастарында еңбек ұжымының

өкілетті өкілі болып табылады;

- еңбек ұжымы атынан ұжымдық шарттарға; тарификациялық, аттестациялық құжаттарға, демалысқа шығу кестелеріне, наградальық қағаздарға және т.б. қол қояды;
- жоғары тұрған кәсіподақ органының сенім хаты бойынша банкі және басқа қаржы операцияларын жүзеге асырады.

V. Бастауыш кәсіподақ ұйымның қаражаты мен мүліктері.

5.1. Бастауыш кәсіподақ ұйымының оған облыстық кәсіподақ комитеті, филиал берген меншігі болуы мүмкін.

5.2. Бастауыш кәсіподақ ұйымының ақшалай қаржысы ай сайынғы түсетін мүшелік кәсіподақ жарнасынан, жұмыс берушінің бюджетінен аударылған, демеушілік көмектен, облыстық кәсіподақ комитетінің Жарғысында белгіленген түсімдердің басқа көздерінен тұрады.

5.3. Ай сайын түсетін кәсіподақ жарналары:

- жұмыс істеушілер үшін, айлық еңбек ақының барлық түрінен 1 % ;

- студенттер мен оқушылар стипендиясының 1 % мөлшерінде белгіленеді.

Мүшелік жарналар, кәсіподақ мүшесінің арызы негізінде жұмыс беруші мен кәсіподақ ұйымы арасындағы ұжымдық шарт пен келісімдерге сәйкес, аударым түрінде төленеді. Уақытша жұмыс істемейтін кәсіподақ мүшесі мүшелік жарна төлеуден босатылады.

5.4. Бастауыш кәсіподақ ұйымы түскен жарнадан жоғары кәсіподақ органдары қызметтерін атқаруы үшін облыстық кәсіподақ комитетіне немесе аудандық (қалалық) кәсіподақ комитеттеріне қаражат жіберіп отырады.

5.5. Бастауыш кәсіподақ ұйымының қаржысы:

- штаттық аппарат ұстауға;

- кәсіподақ мүшелеріне және олардың жанұяларына материалдық және қайырымдылық көмек көрсетуге;

- жеңілдігі бар жолдамалар, балалар үшін сыйлықтар алуға және тағы басқаларға;

- кәсіподақ мүшелерінің құқықтарын сотта қорғау үшін мамандар мен сараптамашылардың, заңгерлердің құқықтық көмек көрсету жөніндегі қызметін төлеуге;

- сақтандыру қорларын, әлеуметтік қорғау және кәсіподақ ынтымақтастығы қорларын құруға;

- кәсіподақ кадрларын дайындау және қайта дайындауға, кәсіподақ активін оқытуды ұйымдастыруға;

- облыстық кәсіподақ комитеті Жарғысында, осы Ережеде және кәсіподақ жиналысының (конференциясының) шешімдерінде белгіленген басқа мақсаттарға пайдаланады.

5.6. Кәсіподақ комитеті жыл сайын, келесі жылдың наурыз айынан кешікпей, кәсіподақ ұйымының жалпы жиналысында түскен кәсіподақ мүшелік жарнасы және оның жұмсалуды туралы кәсіподақ мүшелерін хабардар етеді;

5.7. Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы мүшелік жарналарды толық жинау және оларды жоғары тұрған кәсіподақ органдарына міндетті аудару тәртібін сақтауда жеке жауапкершілікте болады.

5.8. Бастауыш кәсіподақ ұйымының қаржы – шаруашылық және өзге қызметіне бақылауды оның тексеру комиссиясы мен жоғары тұрған кәсіподақ органдарының тексеру комиссиялары жүзеге асырады.

5.9. Бастауыш кәсіподақ ұйымы облыстық кәсіподақ комитетіне немесе аудандық (қалалық) кәсіподақ комитетіне жарты жылда бір рет қаржы есебін тапсырады.

VI. Бастауыш кәсіподақ ұйымның тексеру комиссиясы

6.1. Бастауыш кәсіподақ ұйымының тексеру комиссиясы жиналыста (конференцияда) сайланады, өкілеттік мерзімі кәсіподақ комитетімен бірдей және облыстық кәсіподақ комитетінің осы комиссия туралы Ережесіне сәйкес жұмыс атқарады.

VII. Бастауыш кәсіподақ ұйымының қызметін тоқтату.

7.1. Бастауыш кәсіподақ ұйымының қызметін тоқтату туралы шешімді, облыстық, аудандық (қалалық) кәсіподақ комитеттерімен келісе отырып, жалпы жиналыс (конференция) қабылдайды.

Кворум болған жағдайда, жалпы жиналысқа қатысушылардың (конференция делегаттарының) үштен екісі дауыс берсе, шешім қабылданған болып саналады.

7.2. Кәсіподақ ұйымын жұмыс берушінің (оның атынан өкілдік ететін тұлғалардың) шешімі немесе бастамасы бойынша әкімшілік тәртіппен таратуға немесе қызметіне уақытша тыйым салуға болмайды. Ондай іс-әрекеттер сотқа шағымдалады.